ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ
кезектен тыс
«Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақсу қаласы
(Қала, ауыл)

09 қараша 2026
(ай, күні)

Өткізілген уақыты: сағат 18.00
Өткізілген орыны: 23 кабинет
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.С.Калымова
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 15 адам
Қатыспағандар 6 адам
Шақырылғандар: Мектеп директоры Қ.Б.Шайгазин, әлеуметтік педагог Яхияқызы Ұ.

Күн тәртібі

1.Ақсу қаласы әкімі атынан Жаңа жылдық шырша-2026 іс-шарасына қатысатын оқушылардың тізімін бекіту туралы (күн көріс деңгейі төмен және көп балалы әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 1 сынып оқушылары үшін).

Сөз сөйледі: Ә/п. Яхияқызы Ұ. Ақсу қаласы білім бөлімінің сұранысы бойынша Ақсу қаласы әкімінің жаңа жылдық шыршасына аталмыш әлеуметтік санаттарға жататын оқушылардың қатыса алатынын жеткізді. Тізім құру барысында отбасылардың әртүрлі санаттағы деңгейіне қарай төмендегідей оқушылар ұсынылды.

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні	Сыныбы	Әлеуметтік санаты
1	Қуандық Омар	19.03.2020	1 «А»	Аз қамтылған, көпбалалы отбасы
2	Мұқажан Тұрсынжан Қанатұлы	04.07.2020	1 «Б»	Аз қамтылған, көпбалалы отбасы
3	Мықтыбай Інжу Мақсұтқызы	25.11.2020	1 «Б»	Аз қамтылған, көпбалалы отбасы, АӘК алушы

Жаңа жылдық шырша-2026 іс-шарасына күн көріс деңгейі төмен және көп балалы әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 1 сынып оқушылары қатысушы ретінде ұсынды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – әлеуметтік осал қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына мерекелік көңіл күй сыйлау, олардың жаңа жылдық мерекеге қатысуына мүмкіндік жасау, балаларға қуаныш пен жағымды эмоция сыйлау екендігін атап өтті.

Ата-аналар жаңа жылдық костюм дайындауды қарастыру керек.

2.**Сөз сөйледі:** Қамқорлық кеңес кеңес төрағасы: : **А.С.Калымова**
Иә мектебіміздегі әлеуметтік санатқа жататын 1 сынып оқушыларын қала әкімі шыршасына жіберуге қарсы еместігін жеткізді.
Сонымен қатар ұсынылған оқушылардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, олардың кандидатураларын Ақсу қаласында өтетін «Жаңа жылдық шырша – 2026» мерекелік іс-шарасына қатысуға үміткер ретінде ұсынуды қолдайтынын айтты.

Мектеп директоры Қ.Б.Шайгазин ұсынылған оқушылар туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру, ата-аналармен байланыс орнату және балалардың іс-шараға қатысуына қатысты ұйымдастыру мәселелерін алдын ала пысықтау қажеттігін атап өтті. Іс-шараның нақты өтетін уақыты, орны, қатысу тәртібі және балаларды жеткізу мәселелері Ақсу қаласының білім бөлімі мен ұйымдастырушылардың қосымша ақпараты негізінде келісілетіні айтылды.

Осы оқушыларға дауыс берді : Иә – 9
Қарсы болған- 0
Қалыс қалған - жоқ

Шешім қабылданды:

Ақсу қаласы әкімінің атынан ұйымдастырылатын «Жаңа жылдық шырша – 2026» мерекелік іс-шарасына қатысу үшін төмендегі 1-сынып оқушыларының кандидатуралары ұсынылсын: Қуандық Омар – 1 «А» сыныбы; Мұқажан Тұрсынжан Қанатұлы – 1 «Б» сыныбы; Мықтыбай Інжу Мақсұтқызы – 1 «Б» сыныбы.

Қамқорлық кеңесінің төрайымы: А.Л.Калымова

/_____/

(аты жөні) *қолы*

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:
Султанова Мадина Каиржановна
Баиз Сабина Қусайыновна
Мусаева Галиябаңу Жаслановна
Кабышева Жанаргуль Махамбетқызы
Карипбаева Айслу Бериковна
Жакупова Асия Оразбековна
Хазез Нуржан
Касымова Асель Уахитовна

Хатшы: Ұ.Яхияқызы_____